БСН 970740002120
Есеп/ш KZ1277490KZ220317243
БСН LARIKZKA
Шымкент қаласы
АҚ «AsiaCredit Bank»

БИН 970740002120
р/сKZ1277490KZ220317243
БИК LARIKZKA
АО «AsiaCredit Bank»
г. Шымкент

Производственный кооператив «Келика Трейд»

Индекс 161300. Туркестанская область, село Турар Рыскулова ул. Т.Рыскулова 12 кв.2
телефон: 8-725-38-52-242, сот.8-777-227-49-52, 8-777-227-52-62
e-mail: kelika_trade @mail.ru

ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің басшысына

"Келика-Трейд" ӨК-гі *«бұдан әрі - Әлеуетті жабдықтаушы»"* «Түркістан облысы Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашлық бөлімі" ММ" ММ *«бұдан әрі-Ұйымдастырушы-Тапсырыс беруші»* тарапынан 11.04.2019жылы жарияланған №3248883-ОК1 «Түркістан облысы Сайрам ауданы Құрарыс ауылын электр желілерімен қамтамасыз ету құрылыс» жұмыстарына ашық конкурсы бойынша, қатысуға конкурстық құжаттамаға сәйкес, өтінім тастаған болатын.

Ұйымдастырушының аталған ашық конкурс бойынша 28.05.2019 жылғы №3248883-ОК1 қорытындылары туралы хаттамасы жарияланған.

ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 21 бабының 4 тармағанына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурстық баға ұсынысына әсер ететін әсер ететін мынадай өлшемшарттарды:

1) әлеуетті өнім берушіде:

өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің;

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес, ұсынылатын тауарларға ерікті сәйкестікті растау жүргізілгенін растайтын құжаттың;

ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің);

Қазақстан Республикасының аумағында қалдықтардан алынған қайталама шикізат тауарына ерікті сертификаттау жүргізілгенін растайтын құжаттың;

ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың болуын;

2) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстарды көздеуге міндетті.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың салыстырмалы мәнін есептеу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалады.

4-1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы немесе мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада Қазақстан Республикасының аумағында қалдықтардан алынған қайталама шикізат қолданыла отырып өндірілген, **осы баптың 4-тармағына сәйкес растайтын құжаты бар тауарға басымдық көздеуге міндетті деп көрсетілген.**

Алайда, ұйымдастырушы тарапынан «Келика-Трейд» ӨК-гі ұсынған конкурстық құжаттамаларына сәйкес, серіктестіктің жұмыс тәжірибесі есепке алынбай, жұмыс тәжірибесі бойынша есептелетін шартты жеңілдіктер берілмей, серіктестіктің заңды мүдделері өрескел бұзылып, құқықтары шектеліп отыр.
Серіктестіктің аталған конкурс бойынша ұсынған конкурстық құжаттамаларға сай, сатып алынатын жұмыстар нарығындағы жұмыс тәжірибесі 2009-2013 жылдар аралығындағы жұмыс тәжіребесі 5 жылды құрайды. Оның ішінде *(электрмен жабыдықтау желілерін салу/ монтаждау/ төсеу бойынша жұмыстар)* 2009 жылы – 4 жұмыс *(шартты жеңілдігі-1,6%)*, 2010 жылы-3 жұмыс *(шартты жеңілдік -1,4%)*, 2011жылы 8-жұмыс *(шартты жеңілдік- 2,4 %)*, 2012 жылы 30-жұмыс *(шартты жеңілдік –6,8%),* 2013 жылы 25-жұмыс *(шартты жеңілдік-5,8%)* ҚР Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын 155-тармағының талаптарына сәйкес, шартты жеңілдік, **серіктестіктің жалпы конкурстық құжатамалары бойынша 10 % шартты жеңілдік берілуі тиіс болатын**. Сапа және экологиялық менеджмент сәйкестігін растайтын құжаттарына 3% шартты жеңілдіктерді қоса есептегенде жалпы 13% шартты жеңілдік берілуі тиіс берілген. Алайда ұйымдастырушы тарапынан жұмыс тәжірибесі есепке алынбай, 3% жұмыс тәжірибесіне, сапа және экологиялық менеджмент сәйкестігіне 3% , жалпы 6% ғана есептеген.

Одан бөлек, аталған мемлекеттік сатып алу қорытындылар хаттамасы бойынша Электроемонт ЖШС-гі және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші **"Нұрай-Ақжол РГ"** ЖШС-гі жеңімпаз деп танылған. Қорытынды хаттама бойынша жоғарыда аталған екі өнім берушінің жұмыс тәжірибесіне 6 жыл екендігін көрсетіп, жалпы 9,8% шартты жеңілдік берілген. Алайда, аталған өнімберушілердің ұсынған конкурстық құжаттамалар бойынша және жұмыс тәжірибесі мәліметінде сатып алынатын жұмыстар нарығындағы жұмыс тәжірибесі тек 7 жылды ғана құрайды. Осыған байланысты, конкурстық комиссия тарапынан жұмыс тәжірибесіне сай, шартты жеңілдік берілуі тиіс болатын. Алайда, конкурстық комиссияның қорытынды хаттамасы бойынша аталған өнімберушілерге артық шартты жеңілдіктер қолданылған, одан бөлек аталған өнімберушілердің жұмыс тәжірибесі бойынша растаушы құжаттары тіркелмеген.

Осы жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты, серіктестіктің бұзылған құқықтарын қалпына келтіріп, Ұйымдастырушы "«Түркістан облысы Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашлық бөлімі" ММ-нің №3248883-ОК1 «Түркістан облысы Сайрам ауданы Құрарыс ауылын электр желілерімен қамтамасыз ету құрылыс» жұмыстарына ашық конкурс бойынша 28.05.2019 жылғы №3248883-ОК1 қорытындылары туралы хаттамасын қайта қарауыңызды сұранамын

Председатель **В.Василюк**